

**МКҚК «Шұғыла» бөбекжай – бақшасының
«Балапан» кіші тобының тәрбиешісі
Назарова Н.С 2022 – 2023жылдың жұмыстарының есебі**

Қазіргі таңда топта 23 бала, оның 11 қыз, 12 ер баламен жұмыс жасап келе жатырмын.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде (№499) және де Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде (2022 ж 14 қазан №422) 2022 – 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс әрекетін дағдылары бойынша және де ойын арқылы жүргіздім. Заттық дамытушы ортасын жасадық. Керекті материалдармен толықтырып жатырмыз. Әр аптаның дүйсенбісінде әнұран айтылып, қалған күндері таңертеңгілік жаттығуларды әр түрлі спорттық құралдармен өткіземіз. Үлестірмелі материалдарды ламинаттап әр балаға жететіндей қылып жасадым.

Қазан айында «Берекелі күз» ертеңгілігі өткізілді, мереке өте көңілді өтті. Балалар би билеп, ән айтты. «Күз кереметі» атты көрме ұйымдастырылды. Ата – аналар әр түрлі материалдарды пайдалана отырып жасады.

Қашықтық онлайн байқауларға тәрбиеленушілерімнің жұмыстарын жіберіп, I және II дәрежелі орындарға ие болып дипломдармен, алғыс хаттар алды, мен тәрбиеленушілерімді дайындағаным үшін Алғыс хаттарға ие болдым. «Заманауи дәстүрлі емес сурет салу техникасы» бейнеролик дайындап аудандық алғыс хат алдым.

Желтоқсан айында «Тәуелсіздік тұғыры биікте» атты шағын іс – шара өткізілді. Жаңа жыл қарсаңында «Қош келдің жаңа жыл» атты ертеңгілігі өтті. Балалар кейіпкерлермен бірге ән айтып, би билеп, ойындар ойнады. Іштегі барлық топтарға кейіпкерлер рөлдерін сомдадым.

Ақпан айында топ арасында ата – аналармен бірге бөбекжай ауласында «Аққала соғамыз» атты аққала бейнесін қардан жасау арқылы байқауын өткіздік.

Наурыз айында 8 – наурыз мерекесіне арналған «Аяулы анашым» атты ертеңгілігі өткіздік. «Кәнеки әжелер» атты әжелер арасында сайыс өткіздік. «Құрақ көрпелер» атты ата – аналармен көрме ұйымдастырдық.

Тәрбиеші:

Назарова Н.С